

Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2010 жылдарға арналған (II кезең) іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 шілдедегі N 673 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 қазандағы № 1072 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.18 № 1072 Қаулысымен.

"Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2010 жылдарға арналған (II кезең) іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдар Жоспарды іске асыру жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі жылына екі рет әр жылдың 25 қаңтары мен 25 шілдесіне қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпаратты ұсынсын.

4. Жоспардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 13 шілдедегі
N 673 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Іс-шаралар жоспарына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.24 N 1258 Қаулысымен.

**Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің
мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі
2006-2010 жылдарға арналған (II кезең) іс-шаралар жоспары**

р / с N	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжанған шығыстар млн.теңге)
1	2	3	4	5	6
Жаңа теңіз блоктарын конкурстарға жоспарлы қою					
1.	Жаңа теңіз учаскелері бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөнінде конкурстар мен тікелей келіссөздер өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ЭМРМ, (шақырылым) "ҚазМұнайГаз" ҰК "АҚ	Жыл сайын 20 желтоқсан	Қаржыланды талап етілмей
2.	ЖТНӨ эксклюзивті емес сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу	Геологиялық-геофизикалық ақпарат алу	ЭМРМ, "ҚазМұнайГаз ҰК" АҚ, "Веритас Каспиан" компаниясы	2007-2010 жылдар	Келісім-шарт қол қою кезі анықталатын болады
3.	Мұнай операцияларын жүргізуге арналған келісім-шарттарда, сондай-ақ көмірсутектерді тасымалдау, қайта өңдеу және сату кезінде мемлекет мүдделерін білдіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ЭМРМ, (жинақтау), "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	2006 ж. 20 желтоқсан	300
3-1.	Гравиметриялық және магнито- метриялық суретке түсіру	Геологиялық-геофизикалық ақпарат алу	"ҚазМұнай Газ" ҰК АҚ (келісім бойынша) ЭМРМ	2009-2010 жылдар	600
Ұлттық мұнай-газ компаниясының теңіз жобалары бойынша операторының функцияларын орындауы					
4.	Теңіз жобалары бойынша оператордың рөлін орындау	ЭМРМ-ге ақпарат	"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	Жыл сайын 25 маусым, 25 желтоқсан	Қаржыланды талап етілмей
Халықаралық экологиялық стандарттарға					

сәйкес келетін қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптарды жетілдіру					
5.	Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су қоймаларында мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою жөніндегі ұлттық жоспардың жаңа редакциясын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ЭМРМ (жинақтау), "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	2006 ж. 20 желтоқсан	Қаржыланды талап етілмей
Мұнай-газ жобаларының мониторингі					
6.	Мұнай-газ деректерінің ұлттық банкін дамыту (дерекқорларды толтыру, аумақтық орталықтарды қалыптастыру, Бақылау орталығын құру)	ЭМРМ-ге ақпарат	ЭМРМ (жинақтау), "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	Жыл сайын 25 маусым, 25 желтоқсан	Қаржыланды талап етілмей
Жоғары экологиялық стандарттарға сәйкес келетін қосымша табиғат қорғау іс-шаралары					
7.	Мемлекеттік есепке алуды, мониторинг пен кадастрды жүргізу үшін Каспий теңізі мен оның жағалау маңы аймағындағы жануарлар мен өсімдік әлемінің жай-күйін ғылыми зерттеулерге арналған техникалық тапсырманы дайындау	Республикалық бюджеттік комиссияға қарау туралы ұсыныс енгізе отырып Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ (жинақтау), БФМ, Қоршаған орта министрі, КҚМ, Атырау және Маңғыстау облыстарының әкімдері	2006 ж. 20 желтоқсан	Қаржыланды талап етілмей
8.	Теңіз операцияларының биоәртүрлілікке әсер етуін шектеу мақсатында Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің қорық аймағын функционалдық аймақтарға бөлу	Республикалық бюджеттік комиссияға қарау туралы ұсыныс енгізе отырып Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ (жинақтау), БФМ, Қоршаған орта министрі, КҚМ, Атырау және Маңғыстау облыстарының әкімдері	2006 ж. 20 желтоқсан	

	жөніндегі техникалық тапсырманы дайындау				Қаржыланды талап етілмей
Мұнай-газ кешені үшін қазақстандық мамандарды даярлау және қайта даярлау					
9.	Мұнай-газ компанияларымен мұнай-газ кешені үшін қазақстандық мамандарды даярлау және қайта даярлау жоспарын іске асыру	ЭМРМ-ге ақпарат	"ҚазМұнайГаз ҰК" АҚ, мұнай компаниялары	Жыл сайын 25 желтоқсан	Жер қойнау пайдалануға арналған келісім-шарт сәйкес
Теңіз операцияларын жағалаулық қолдау үшін инфрақұрылым құру					
10.	КТҚС жағалау белдеуін дамытудың кешенді жоспарының жобаларын іске асыру: Баутино кентінің маңында металлконструкциялар зауытына арналған өндірістік алаң салу; Құрық кентінің маңында: мұнай құю терминалын салу; теңіз-мұнай операцияларын қолдау базасын салу; металлконструкциялар зауытын салу; кеме жөндейтін/ кеме жасайтын зауыт салу Атырау облысында мұнай құюға арналған ден қою Солтүстік Каспий базасын салу	ЭМРМ-ге ақпарат	"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ (келісім бойынша) Маңғыстау облысының әкімі "ҚазМұнай Газ" ҰК АҚ (келісім бойынша) Маңғыстау облысының әкімі "ҚазМұнай Газ" ҰК АҚ (келісім бойынша) Маңғыстау облысының әкімі "Теңіз- Сервис" ЖШС (келісім бойынша)	Жыл сайын 25 маусым, 25 желтоқсан	Талап етіледі
10-1.	Өздігінен көтерілетін жүзбелі бұрғылау	ЭМРМ-ге ақпарат		Жыл сайын 25 маусым,	

	қондырғысын жобалау және салу		"ҚазМұнай Теңіз" ТМҚ" АҚ (келісім бойынша)	2 5 желтоқсан	315 млн. АІ долл.
11.	"Қазақстан Республикасының теңіздегі және ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын қауіпсіз жүргізуді қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекция" мемлекеттік мекемесі инспекторларының штат санын 14 бірлікке ұлғайту жөнінде ұсыныс енгізу және оның техникалық жарактандырылуын кезең-кезеңімен жүзеге асыру	ЭМРМ-ге ұсыныс	ТЖМ	2006 ж. желтоқсан	Талап етілмеі
12.	Мамандандырылған т е ң і з авариялық-құтқару отряды» мемлекеттік мекемесін құру және» Құтқару» мамандандырылған кемелерін сатып алу жөнінде ұсыныс енгізу	ЭМРМ-ге ұсыныс	ТЖМ	2006 ж. желтоқсан	Талап етілмеі
13.	Энергиямен жабдықтау объектілерінің жаңаларын салу және жұмыс істеп тұрғандарының қуатын күшейту, оның ішінде: қосымша ЖТҚ қондырғысы бар, ұзындығы 54 км, 6 және 0,4 кВ электрлендіру желісін салу; "Форт-Шевченко" ҚС-110 кВ қайта құру; жаңа 110 кВ Актау-Форт- Шевченко ЖВЖ салу	ЭМРМ-ге ақпарат	Маңғыстау облысының әкімі (жинақтау), ЭМРМ " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ; " МЭЖТК" АҚ (келісім бойынша)	2009 жылғы қазан 2010 жылғы қыркүйек 2011 жылғы қыркүйек	365 567 м Талап етіледі
14.	"Атырау халықаралық әуежайында" жаңа жолаушылар кешенін және жүк терминалдарын салу	ЭМРМ-ге ақпарат	"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ, "Атырау халықаралық әуежайы" АҚ	2010 ж. қараша	Талап етіледі
				2009 - 2010	

15.	Ақтау портын солтүстік бағытқа кеңейту	ЭМРМ-ге ақпарат	ККМ	жылдар 2 5 желтоқсан	41,680 млрд.т
16.	Теңіз операцияларын қолдау флотын дамыту	ЭМРМ-ге ақпарат	ККМ (жинақтау), "Қазтеңкөлфлот" ҰТКК" АҚ	Ж ы л сайын желтоқсан	Талап етіледі
16-1.	Маңғыстау облысы Қаракия ауданы Құрық ауылының жаңа инфрақұрылым объектілерінің құрылысы, оның ішінде : ұзындығы 9,8 км, орта қысымды ГТП қондырғысы бар газ құбыры;	ЭМРМ-ге ақпарат	Маңғыстау облысының әкімі (жинақтау), ЭМРМ , ЭБЖМ, ИСМ	2009 жылғы қараша	86 850 мың
16-2.	"Сартас" шығанағында теңіз операцияларын қолдаудың жаңа жағалаулық базасын құру	ЭМРМ-ге ақпарат	Маңғыстау облысының әкімі	ж ы л сайын 25 маусым, 2 5 желтоқсан	Талап етіледі
Мұнай тасымалдаудың экспорттық бағдарларының бағыттарын белгілеу					
17.	Ескене-Құрық жаңа экспорттық мұнай құбырының құрылысы	ЭМРМ-ге ақпарат	"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ және мұнай өндіруші компаниялар (келісім бойынша)	ж ы л сайын 25 маусым, 2 5 желтоқсан	Талап етіледі
18.	КТҚС мұнай ресурстарын тасымалдаудың экспорттық бағыттарының маршруттарын анықтау жөнінде ұсыныстар беру	ЭМРМ-ге ақпарат	ЭМРМ (жинақтау) , "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	2009 ж. желтоқсан	Қаржыланды талап етілмей
19.	Қашағаннан көмірсутегі шикізатын тасымалдау жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу	ЭМРМ-ге ақпарат	ЭМРМ (жинақтау) , "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	2006 ж. желтоқсан	Қаржыланды талап етілмей
Теңіз мұнай-газ кешені үшін негізгі отандық тауарлар мен қызметтердің бәсекеге					

қабілеттілігіне қол жеткізу (Теңіз операцияларын жүргізу үшін импорт алмастыру)					
20.	КТҚС-ғы мұнай-газ жобалары үшін бәсекеге қабілетті өндірістерді құруды көздейтін инвестициялық жобалардың тұрақты мониторингін жүргізу	ЭМРМ-ге ақпарат	ИСМ (жинақтау), ЭМРМ, ККМ, "Қазына" АҚ	Жыл сайын 25 желтоқсан	Қаржыланды талап етілмей

Е с к е р т п е :

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қоршаған орта министрі - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

ЖРБА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы

"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ" - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы ;

"ҚазМұнайТеңіз" ТМК" АҚ" - "ҚазМұнайТеңіз" теңіз мұнай компаниясы" акционерлік қоғамы ;

"Каспиймұнайқұрылыс" АҚ" - "Каспиймұнайқұрылыс" акционерлік қоғамы;

"Қазына" АҚ - "Қазына" тұрақты даму қоры" акционерлік қоғамы

"МЭЖТК" АҚ - "Маңғыстау электр желілерін тарату компаниясы" акционерлік қоғамы

"Атырау халықаралық әуежайы" АҚ - "Атырау халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамы

"Ақтау халықаралық теңіз сауда порты" АҚ - "Ақтау халықаралық теңіз сауда порты" акционерлік қоғамы

"Қазтеңкөлфлот" ҰТКК" АҚ - "Қазтеңкөлфлот" ұлттық теңіз кеме жүзу компаниясы" акционерлік қоғамы

КТҚС - Каспий теңізінің қазақстандық секторы
ЖСҚ - жобалық-сметалық құжаттама
ТЭН - техникалық-экономикалық негіздеме
ЖТНӘ - жалпы тереңдік нүктесінің әдісі
ҚС - қосалқы станция
ЖВЖ - жоғары вольттық желі
ГТП" - газ тарату пункті";
"ЖТҚ" — жиынтықты трансформаторлық қосалқы станция

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК